

"Жолаушыларды, багажды, жүктер мен почта жөнелтілімдерін тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету үшін халықаралық авиамаршруттарға арналған конкурс өткізу және халықаралық авиамаршруттарға куәліктер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 қарашадағы № 1221 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 қыркүйектегі № 717 қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 1128 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.12.2023 № 1128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жолаушыларды, багажды, жүктер мен почта жөнелтілімдерін тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету үшін халықаралық авиамаршруттарға арналған конкурс өткізу және халықаралық авиамаршруттарға куәліктер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 қарашадағы № 1221 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 2, 16-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жолаушыларды, багажды, жүктер мен почта жөнелтілімдерін тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету үшін халықаралық авиамаршруттарға арналған конкурс өткізу және халықаралық авиамаршруттарға куәліктер беру қағидаларында:

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 717 қаулысына
қосымша
Жолаушыларды, багажды,
жүктер мен почта
жөнелтілімдерін тасымалдау
жөнінде қызметтер көрсету үшін

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
АВИАМАРШРУТҚА КУӘЛІК**

(заңды тұлғаның толық атауы)

жолаушыларды, багажды, жүктер мен почта жөнелтілімдерін тасымалдау (тасымалдау объектілері көрсетіледі) мақсатында

_____ халықаралық авиамаршруты бойынша (халықаралық авиамаршрут атауы)

иілігімен (аптасына рұқсат етілген рейстер саны)

тұрақты авиарейстерді орындау құқығы берілді.

Халықаралық авиамаршрутқа куәлік берген мемлекеттік орган

(куәлікті берген мемлекеттік органның толық атауы)

(уәкілетті органның лауазымды адамының немесе ол уәкілеттік берген адамның тегі, аты-жөні және қолы)

Куәлік берілген күн: 20__ жылғы " __ " __

Куәліктің қолданылу мерзімі: 20__ жылғы " __ " __ дейін

Куәліктің нөмірі _____ № _____

Нұр-Сұлтан қаласы